*Директорлар кеңесінің 02.02.2026 жылғы*
*№0202/2 қаулысымен*
*БЕКІТІЛДІ*

*УТВЕРЖДЕНО*
*Постановлением Совета директоров*
*№0202/2 от 02.02.2026 г.*

# «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың криптокартаны шығару және оған қызмет көрсету туралы жария офертасы / Публичная оферта на выпуск и обслуживание криптокарты АО «Банк ЦентрКредит»

Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың криптокартаны шығару және оған қызмет көрсету туралы жария офертасында (бұдан әрі – Оферта) криптокартаны шығару, оған қызмет көрсету және bcc.kz мобильді қолданбасы арқылы Клиенттердің пайдалануы талаптары белгіленген.

Офертаға сәйкес Банк Криптокарта эмитенті және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік қызметтерді көрсетуге (оның ішінде банктік шоттар бойынша операциялар жүргізу, қаражатты есептен шығару/есепке алу, төлемдерді орындау) жауапты болады.

Криптобиржа АХҚО аумағында тіркелген және лицензияланған дербес контрагент болып табылады әрі Криптовалютаны сақтау/айырбастау/ конвертациялау қызметтерін көрсетеді. Криптобиржа қызметтерін көрсетуге тікелей байланысты қатынастарға, тиісті актілерде көзделген көлемде, АХҚО-ның императивтік нормалары мен талаптары да қолданылады. Оферта Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес әзірленген және Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған жария оферта болып табылады.

Оферта, №001 «Банк ЦентрКредит» АҚ-та Жеке тұлғаларға банктік қызметтер кешенін ұсынудың стандарт талаптарына» (Қосылу шарты) Қосылу шартына (бұдан кейін – №001 Қосылу шарты), сондай-ақ олардың аясында ресімделетін өзге де құжаттар бірыңғай құқықтық құрал ретінде қарастырылады.

Криптокартаны шығару, оған қызмет көрсету және Клиенттің оны одан әрі пайдалануы Клиенттің Акцепт жасағанынан кейін ғана жүзеге асырылады. Акцепт Клиенттің Офертаның барлық талабымен толық танысқанын және оларды толық көлемде қабылдағанын растайды.

Настоящая Публичная оферта на выпуск и обслуживание криптокарты АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Оферта) определяет условия выпуска, обслуживания по криптокарте и использования Клиентами посредством мобильного приложения bcc.kz.

По Оферте Банк выступает эмитентом Криптокарты и отвечает за предоставление банковских услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан (включая операции по банковским счетам, списания/зачисления, исполнение платежей). Криптобиржа является отдельным контрагентом, зарегистрированным и лицензированным на территории МФЦА и предоставляет услуги по хранению/обмену/конвертации Криптовалюты. В отношениях, непосредственно связанных с оказанием услуг Криптобиржей, применимы также императивные нормы и требования МФЦА в части, в какой это предусмотрено соответствующими актами.

Оферта разработана в соответствии со статьей 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан и является публичной, которая размещена на интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz.

Оферта, Стандартные условия оказания комплекса банковских услуг физическим лицам в АО «Банк ЦентрКредит» (Договор присоединения) № 001 (далее – Договор присоединения №001), а также другие документы, оформляемые в их рамках, рассматриваются в качестве единого правового инструмента.

Выпуск и обслуживание Криптокарты и дальнейшее ее использование Клиентом осуществляется только после совершения Акцепта, который подтверждает, что Клиент полностью ознакомлен со всеми условиями Оферты и принимает их в полном объеме.

## 1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

**Акцепт** – Клиенттің Криптокартаны шығару туралы өтінішке қол қою арқылы Оферта талаптарымен келісімін білдіруге және оларды толық көлемде қабылдауға бағытталған Банктің Клиенті жасаған әрекеттері.

**ІНҚ** – Банктің белгілі бір қызмет саласын реттейтін ішкі нормативтік құжаты.

## 1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

**Акцепт** – действия Клиента Банка, направленные на выражение согласия с условиями Оферты и принятие их в полном объеме путём подписания заявления на выпуск Криптокарты.

**Клиент** – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға, Банктің және Криптобиржаның жаңа немесе қазіргі Клиенті, Криптокартаны ұстаушы, bcc.kz мобильді қолданбасында Криптокартаны шығарған, №001 Қосылу шартына қосылу туралы өтінішпен танысып, оған қол қойған тұлға.

**Әмиян** – Криптобиржаның есептік жүйесінде ашылған, Клиенттің цифрлық активтерін сақтау мен есепке алуға арналған Клиенттің есептік жазбасы (электронды әмиян).

**Криптокарта** – Банк электронды нысанда шығарған «#CryptoPay» төлем дебет картасы.

**Криптобиржа** – АХҚО аумағында лицензияланған, «Криптокарта» жобасын іске асыру аясында Банктің серіктестері болып табылатын цифрлық активтер биржалары. Қазіргі серіктестердің тізбесі bcc.kz қолданбасында көрсетіледі.

**Криптовалюта** – цифрлық код берілген, оның ішінде криптография құралдарын және компьютерлік есептеулерді қолдану арқылы электронды-цифрлық нысанда жасалған, есеп айырысу ақшалай бірлігі және (немесе) заңды төлем құралы болып табылмайтын, таратылған деректер платформасы технологиясы негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігі қамтамасыз етілген мүлік.

**Оферта** – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың криптокартаны шығару және оған қызмет көрсету туралы жария офертасы.

**ҚК/ТК/ТҚҚТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл.

**АХҚО қағидалары** – «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) 2023 жылғы 11 желтоқсандағы №FR00063 бұйрығымен бекітілген «Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер биржасының және (немесе) цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар Орталық қатысушысының Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен тетіктері туралы» қағидалары.

**Криптобиржаның ағымдағы шоты** – Клиенттердің (теңге) ақшалай қаражатын сақтау үшін Банкте ҚР ұлттық валютасымен ашылған Криптобиржаның ағымдағы шоты.

## 2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

**ВНД** – внутренний нормативный документ Банка, регламентирующий ту или иную сферу деятельности Банка.

**Клиент** – физическое лицо, резидент Республики Казахстан, новый/действующий Клиент Банка и Криптобиржи, держатель Криптокарты, осуществивший ее выпуск в мобильном приложении bcc.kz, ознакомившийся и подписавший Заявление о присоединении к Договору присоединения №001.

**Кошелек** – учётная запись Клиента (электронный кошелёк), открытая в учетной системе Криптобиржи, предназначенная для хранения и учёта цифровых активов Клиента.

**Криптокарта** – платежная дебетная карточка «#CryptoPay», эмитированная Банком в электронном виде.

**Криптобиржа** – лицензированные на территории МФЦА биржи цифровых активов, партнёры Банка по реализации проекта «Криптокарта». Действующий перечень доступных партнеров отражен в приложении bcc.kz.

**Криптовалюта** – имущество, созданное в электронно-цифровой форме с присвоением цифрового кода, в том числе с применением средств криптографии и компьютерных вычислений, не являющееся расчетной денежной единицей и (или) законным платежным средством, зарегистрированное и обеспеченное неизменностью информации на основе технологии распределенной платформы данных.

**Оферта** – Публичная оферта на выпуск и обслуживание криптокарты АО «Банк ЦентрКредит».

**ПОДФТ/ ФРОМУ** – противодействие легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения.

**Правила МФЦА** – Приказ Международного финансового центра «Астана» (далее – МФЦА) от 11 декабря 2023 года № FR00063 Правила «О Порядке и механизмах взаимодействия биржи необеспеченных цифровых активов и (или) участника Центра, имеющего лицензию на осуществление деятельности, связанной с цифровыми активами с банком второго уровня Республики Казахстан».

**Текущий счёт Криптобиржи** – текущий счёт Криптобиржи, открытый в Банке для хранения денег Клиентов в национальной валюте РК (тенге).

## 2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

**2.1.** Оферта – Банктің Клиент Офертаны Акцептеген кезде bcc.kz мобильді қолданбасында Криптокарта бойынша қызметтерді (шығару және қызмет көрсету) көрсетуі белгіленген шарт. Оферта Клиент Акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін қолданылады.

**2.2.** Клиент bcc.kz мобильді қолданбасының тиісті бөлімінде Криптокартаны шығару туралы өтінішке қол қою арқылы акцептейді. Акцепт Клиенттің Офертаның барлық талабымен толық көлемде сөзсіз келісетінін білдіреді.

## 3. КРИПТОКАРТАНЫ АШУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

**Криптокартаны ашу тәртібі**

**3.1.** Криптокартаны шығару және оған қызмет көрсету бойынша қызметтер Клиент Офертаны Акцептеген сәтте bcc.kz мобильді қолданбасында авторизациядан өткен немесе авторизацияланған жағдайда көрсетіледі.

**3.2.** Криптокартаны шығару үшін Клиент келесі әрекеттерді орындауы қажет:

**3.2.1.** «Жаңа шот немесе өнім» батырмасын басу;

**3.2.2.** «Карта ашу» қызметін таңдау;

**3.2.3.** Ұсынылған тізімнен #CryptoPay картасын таңдау;

**3.2.4.** Өнім талаптарымен, Тарифтермен, Кешбэк бағдарламасымен және осы Офертамен танысу;

**3.2.5.** Криптобиржаға өтіп, Әмиянды* Криптокартаға тіркеу туралы келісімге қол қою.

*Әмиян болмаған жағдайда, Клиент ұсынылған криптобиржалардың бірінде Әмиянды алдын ала ашуы тиіс;

**3.2.6.** Комиссия төлеу тәсілін таңдау;

**3.2.7.** Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беру, сондай-ақ тарифтермен, №001 Қосылу шартымен және Криптокартаны шығару туралы өтінішпен танысып, оларға келісім беру.

**3.3.** Клиенттің Криптокартаны шығару туралы өтініш беруі және Банктің мобильді қолданбасында OTP арқылы қол қоюы Офертаны Акцептеу болып танылады.

**3.4.** Клиентке Криптокарта бойынша қызметтер төмендегі талаптармен көрсетіледі:

**3.4.1. Төлем жасау тәртібі.** Криптокартаны пайдалана отырып төлемдер теңгемен жасалады және олар Криптобиржа белгілеген бағам бойынша Әмиянның жалпы балансынан Криптовалютаны автоматты түрде конвертациялау арқылы, кейіннен

**2.1.** Оферта является договором, в соответствии с которой Банк предоставляет услуги по Криптокарте (выпуск и обслуживание) в мобильном приложении bcc.kz, при Акцепте Клиентом Оферты, которая вступает в силу с момента Акцепта Клиентом и действует до полного исполнения Сторонами своих обязательств по ней.

**2.2.** Акцепт осуществляется Клиентом посредством мобильного приложения bcc.kz в соответствующем разделе – путем подписания заявления на выпуск карты. Акцепт является безоговорочным согласием Клиента со всеми условиями Оферты.

## 3. ПОРЯДОК ОТКРЫТИЯ И ОБСЛУЖИВАНИЯ КРИПТОКАРТЫ

**Порядок открытия криптокарты**

**3.1.** Услуги по выпуску и обслуживанию Криптокарты предоставляются посредством мобильного приложения bcc.kz, в котором Клиенту необходимо авторизоваться или быть авторизованным на момент Акцепта Оферты.

**3.2.** Для выпуска Криптокарты Клиенту необходимо совершить следующие действия:

**3.2.1.** Нажать на «Новый счет или продукт»;

**3.2.2.** Выбрать «Открыть карту»;

**3.2.3.** Выбрать из списка #CryptoPay;

**3.2.4.** Ознакомиться с условиями по продукту, Тарифами, Кэшбек-программой, настоящей Офертой;

**3.2.5.** Зайти в Криптобиржу и подписать соглашение о привязке Кошелька* к Криптокарте.

*В случае отсутствия Кошелька, необходимо предварительно создать Кошелек на одной из предлагаемых криптобирж;

**3.2.6.** Выбрать способ для оплаты комиссий;

**3.2.7.** предоставить согласие на сбор, обработку, хранение персональных данных, ознакомиться и согласиться с тарифами, Договором присоединения №001, заявлением на выпуск Криптокарты.

**3.3.** Акцептом Оферты признается подача Клиентом заявления на выпуск Криптокарты и подписание посредством OTP в мобильном приложении Банка.

**3.4.** Предоставление услуг по Криптокарте Клиенту осуществляется согласно следующим условиям:

**3.4.1. Порядок проведения платежей.** Платежи с использованием Криптокарты осуществляются в тенге посредством автоматической конвертации Криптовалюты из общего баланса Кошелька по курсу, установленному Криптобиржей, и

қолданылатын комиссияларды ескере отырып, төлем жасау үшін қажетті теңге сомасын есептен шығару арқылы жүргізіледі.

**3.4.2. Қаражатты қайтару тәртібі.** Қаражатты қайтару Клиент бұрын жасаған банктік операцияны, оның ішінде Криптокартаны пайдалана отырып тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу операцияларынан және өзге де операциялардан бас тартқан жағдайда жүзеге асырылады және Криптобиржаның ағымдағы шотына қаражатты аудару, кейіннен Клиенттің Әмиянына есептеу арқылы жүргізіледі.

**3.4.3. Әмиян.** Әмиян батырмасына басу арқылы Клиент Әмиянның жалпы балансымен, сондай-ақ криптобиржадағы өзгерістер динамикасының графигімен таныса алады.

**4. ТАРИФТЕР МЕН ЛИМИТТЕР**

**4.1.** Картаны шығару және оған қызмет көрсету құны, комиссиялар мен лимиттер Банктің қолданыстағы тарифтерінде белгіленеді және Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

**4.2.** Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына (ІНҚ) сәйкес Клиентті белгіленген тәртіппен хабардар ете отырып, тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

**4.3.** Банк Криптокартаны шығару және оған қызмет көрсету құнын Клиенттің Әмиянынан ұстап қалады.

**5. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР**

**5.1. Клиенттің міндеттері:**

**5.1.1.** Банк белгілеген және Офертада, сондай-ақ №001 Қосылу шартында қарастырылған барлық талапты сақтау;

**5.1.2.** Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылатын Оферта талаптары мен тарифтерге енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды дербес түрде қадағалау және олармен танысу;

**5.1.3.** Банктің комиссияларын уақытылы төлеу;

**5.1.4.** Оферта талаптарын орындау және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

**5.1.5.** Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті немесе жеткілікті мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ ҚК/ТК/ТҚҚТК талаптары аясында, оның ішінде АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» заңында, сондай-ақ Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияда (ЭЫДҰ) белгіленген талаптарға сәйкес операцияларды қаржыландыру көзі, қызмет түрі және салықтық резиденттік туралы мәліметтерді Банкке ұсыну;

**5.1.6.** Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-сында қарастырылған

последующего списания необходимой суммы в тенге для проведения платежа с учётом применимых комиссий.

**3.4.2. Порядок возврата средств.** Возврат денежных средств осуществляется в случае отмены ранее совершенной Клиентом банковской транзакции, включая операции по оплате товаров или услуг с использованием Криптокарты, и иных операций путем зачисления денежных средств на текущий счет Криптобиржи, с последующим зачислением на Кошелек Клиента.

**3.4.3. Кошелек.** При нажатии на Кошелек можно ознакомиться с общим балансом Кошелька, графиком изменений на криптобирже.

**4. ТАРИФЫ И ЛИМИТЫ**

**4.1.** Стоимость выпуска и обслуживания Карты, комиссии и лимиты определяются действующими тарифами Банка, размещенными на интернет-ресурсе Банка- www.bcc.kz.

**4.2.** Банк вправе изменять тарифы в одностороннем порядке с уведомлением Клиента в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и ВНД Банка.

**4.3.** Банк взимает стоимость выпуска и обслуживания Криптокарты с Кошелька Клиента.

**5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ**

**5.1 Клиент обязан:**

**5.1.1.** соблюдать все условия, установленные Банком и предусмотренные Офертой, а также Договором присоединения № 001;

**5.1.2.** самостоятельно отслеживать и ознакамливаться с изменениями/ дополнениями, внесенными в условия Оферты и тарифы, которые размещаются на интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz;

**5.1.3.** своевременно оплачивать комиссию Банка;

**5.1.4.** выполнять условия Оферты и соблюдать законодательство Республики Казахстан;

**5.1.5.** предоставить Банку сведения и документы, необходимых или достаточных для идентификации Клиента, а также представления сведений о налоговом резидентстве, роде деятельности и источнике финансирования совершаемых операций в рамках ПОДФТ/ФРОМУ, в том числе предусмотренных Законом США «О налогообложении иностранных счетов», Конвенцией о взаимной административной помощи по налоговым делам (ОЭСР);

функцияларды жүзеге асыру үшін Банк талап ететін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну.

**5.2. Клиенттің құқықтары:**

**5.2.1.** Криптокартаны Офертада белгіленген тәртіпте пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша Банктен ақпарат алу;

**5.2.2.** Криптокартаны ашу және Оферта талаптарына сәйкес Банктің қызметтерін пайдалану;

**5.2.3.** Криптокартаны өз қалауынша және өз жауапкершілігімен пайдалану;

**5.2.4.** Криптокартаны пайдалану барысында техникалық ақаулар туындаған жағдайда, бұл туралы Банкті **505** мобильді телефон нөмірі арқылы хабардар ету.

**5.3. Банктің міндеттері:**

**5.3.1.** Офертаны және тарифтерді (оның ішінде енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды) Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастыру;

**5.3.2.** Криптокартаны пайдалана отырып, Клиент жүргізген операциялар бойынша банк құпиясын, сондай-ақ олар Банктің тікелей бақылауында болған жағдайда, Клиенттің дербес деректерін сақтау. Криптокарта және оны пайдалана отырып, жүргізілген операциялар туралы ақпарат Банктің үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Оферта талаптарында көзделген жағдайларда ғана ұсынылуы мүмкін;

**5.3.3.** Криптокарта бойынша қызметтерді көрсету барысында проблемалар/қателер туындаған жағдайда, олардың себептерін жою және қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін барлық мүмкін шараны қабылдау.

**5.4. Банктің құқықтары:**

**5.4.1.** Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы Офертаның талаптарына және тарифтерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді біржақты тәртіппен жүзеге асыру;

**5.4.2.** Оферта талаптарына сәйкес көрсетілетін Банктің жаңа қызметтерінің аясын кеңейту және мұндай өзгерістер туралы Клиентті Офертада көзделген тәртіппен хабардар ету;

**5.4.3.** Қызмет көрсетуді жетілдіруге байланысты техникалық жұмыстар жүргізілуіне орай Криптокарта бойынша қызметтерді Клиентке уақытша біржақты тәртіппен тоқтату;

**5.4.4.** Осы Оферта аясында қызметтер көрсету үшін қажетті көлемде және мақсатта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиентке, Криптобиржаға және Банктің өзге де

**5.1.6.** предоставлять документы и сведения Банку, необходимые для осуществления функций, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и ВНД Банка.

**5.2. Клиент вправе:**

**5.2.1.** получать от Банка информацию по операциям, совершенным с Криптокартой в порядке, предусмотренном Офертой;

**5.2.2.** открыть Криптокарту и пользоваться услугами в соответствие с условиями Оферты.

**5.2.3.** использовать Криптокарту по своему усмотрению и под свою ответственность;

**5.2.4.** в случае возникновения технических проблем при пользовании Криптокарты сообщить об этом Банку по мобильному номеру **505**.

**5.3. Банк обязан:**

**5.3.1.** разместить Оферту и тарифы (в т.ч. изменения/дополнения) на интернет-ресурсе Банка- www.bcc.kz;

**5.3.2.** хранить банковскую тайну по операциям Клиента, совершенным с использованием Криптокарты, и персональные данные о Клиенте, в случае, когда они подпадают под прямой контроль Банка. Информация о Криптокарте и операциях, совершаемых с ее использованием, может быть предоставлена Банком третьим лицам в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и условиями Оферты;

**5.3.3.** в случае возникновения проблем/ ошибок в предоставлении услуг по Криптокарте принимать все возможные меры для устранения причин проблем/ ошибок и возобновления предоставления услуг.

**5.4. Банк вправе:**

**5.4.1.** в одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения в условия Оферты и тарифы, путём размещения их редакции на интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz;

**5.4.2.** расширять спектр новых услуг, предоставляемых Банком в соответствии с условиями Оферты и обязан информировать Клиента о таких изменениях в порядке, предусмотренной Офертой;

**5.4.3.** в одностороннем порядке временно прекратить предоставление услуг по Криптокарте Клиенту по причинам, связанным с техническими работами по совершенствованию предоставления услуг;

**5.4.4.** раскрывать сведения, содержащие охраняемую законом тайну о Клиенте, Криптобирже и иным партнерам Банка в объеме и в целях необходимых для предоставления услуг в рамках настоящей Оферты, а также в

серіктестеріне қатысты заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді ашу;

**5.4.5.** Клиенттің кез келген банктік шоттарынан Криптокартаны пайдаланғаны үшін комиссияны және/немесе комиссиялар бойынша берешекті тікелей дебеттеу арқылы есептен шығару, бұған Клиент өзінің сөзсіз келісімін береді.

**5.4.6.** Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ІНҚ-сында қарастырылған жағдайларда Офертаны орындаудан біржақты бас тарту арқылы Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, атап айтқанда:

– Банктің Клиенттің ақша қаражатымен және (немесе) өзге де мүлкімен жасалатын операциялары Қазақстан Республикасының ҚК/ТҚ/ТҚҚТҚ туралы заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты деп пайымдауға негіздері болған жағдайда;

– Клиенттің, сондай-ақ онымен байланысты тұлғалардың санкциялық тізімдерде, оның ішінде OFAC-тың (АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы), Европалық Одақтың, Ұлыбританияның, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің санкциялық тізімдерінде және уәкілетті ұйымдар енгізген өзге де тізімдерде болуы;

– Клиенттің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданылу аясына енетін немесе тиісті белгілерге ие болған жағдайда;

– Клиенттің операциялары халықаралық экономикалық санкцияларды айналып өтуге бағытталған немесе осындай белгілерге ие болған жағдайда;

– Іскерлік қатынастар Клиент тарапынан құқыққа қайшы әрекеттер аясында пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған жағдайда;

– Клиенттің Банктің Қазақстан Республикасының ҚК/ТҚ/ТҚҚТҚ туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» заңында, Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияда (ЭЫДҰ) көзделген талаптарды орындауы үшін қажетті Клиентті сәйкестендіруге арналған ақпаратты немесе құжаттарды ұсынбауы;

– есірткі құралдарын заңсыз өндірумен, айналымымен және (немесе) транзитімен, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін деп пайымдауға негіздері болған жағдайда, Банктің іскерлік қатынастар Клиент тарапынан қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру;

соответствии с законодательством Республики Казахстан;

**5.4.5.** путём прямого дебетования списывать комиссию/задолженность по оплате комиссий за использование Криптокарты с любых банковских счетов Клиента, с чем Клиент безоговорочно согласен;

**5.4.6.** прекратить деловые отношения с Клиентом путем одностороннего отказа от исполнения Оферты в случаях:

- если у Банка будут основания полагать, что операции с деньгами и (или) иным имуществом Клиента, связаны с легализацией (отмыванием) доходов, полученных преступным путем, финансированием терроризма и финансированием распространения оружия массового уничтожения, признаваемыми в соответствии с законодательством Республики Казахстан о ПОДФТ/ФРОМУ;

- нахождения Клиента, а также связанных с ним лиц в санкционных списках, включающие списки OFAC (Управление по контролю за иностранными активами Министра финансов США), Европейского Союза, Великобритании, Совета безопасности Организации Объединенных Наций, и другие перечни лиц, введенные уполномоченными организациями;

-операции Клиента имеют соответствующие признаки/подпадают под действие международных экономических санкций;

-операции Клиента имеют соответствующие признаки /направлены на обход международных экономических санкций;

- в случае, наличия подозрений о том, что деловые отношения используются Клиентом в рамках противоправных инцидентов;

- не предоставления Клиентом информации или документов необходимых для идентификации Клиента, в целях исполнения Банком требований законодательства Республики Казахстан о ПОДФТ/ФРОМУ, предусмотренных Законом США «О налогообложении иностранных счетов», Конвенцией о взаимной административной помощи по налоговым делам (ОЭСР);

- наличие у Банка оснований полагать, что деловые отношения используются клиентом в целях легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем, и финансирования терроризма, с незаконным производством, оборотом и (или) транзитом наркотиков, и финансирования распространения оружия массового уничтожения;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ҚК/ТК/ТҚҚТҚ аясында ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған өзге де негіздер бойынша.

**5.4.7.** Құмар ойын бизнесін ұйымдастырушылардың пайдасына ақша төлемдерін және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру жөніндегі операцияларды қабылдамауға/бұғаттауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚК/ТК/ТҚҚТҚ туралы заңына сәйкес осындай операциялар бойынша өзге де шараларды қолдану.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

**6.1.** Тараптар Офертамен байланысты немесе одан туындайтын мәліметтерді (конфиденциалды ақпаратты) жария еткені үшін жауапты болады.

**6.2.** Офертаның талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

**6.3.** Банк Клиент алдында келесі жағдайлар:

**6.3.1.** Офертада белгіленген тәртіппен енгізілген Офертаның өзгерістері мен толықтырулары туралы Клиенттің хабардар болмауы үшін;

**6.3.2.** Банктің бақылауынан тыс себептерге тікелей немесе жанама түрде байланысты мобильді қосымшаның жұмысындағы кідірістер мен іркілістер үшін;

**6.3.3.** Мобильді қолданбаны пайдалану кезінде Банктің қызмет көрсетушісінің қағидаларында көзделген кез келген шектеулер, тыйымдар немесе техникалық ақаулар үшін;

**6.3.4.** Банктің қызмет көрсетушісінің немесе үшінші тұлғалардың өнімдері мен қызметтерінің сапасы, жұмыс істеуі және өзге де аспектілері үшін;

**6.3.5.** Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада, АХҚО қағидаларында және №001 Қосылу шартында қарасты жағдайлар мен негіздер бойынша операцияларды жүргізуден бас тарту, ақша қаражаты және (немесе) өзге мүлік бойынша операцияларды тоқтата тұру, сондай-ақ Клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату үшін жауапты емес.

**6.4.** Клиент Офертаның талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау үшін толық жауапты болады.

**6.5.** Клиент төлем карталарын, Әмияндарды және Криптовалютаға қатысты операцияларды пайдалану кезінде қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасының және реттеуші талаптарының сақталуына жауапты болады.

**6.6.** Осы өнім аясында қызмет көрсететін Криптобиржа АХҚО қағидаларына сәйкес цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асыруға

- по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан, ВНД Банка в рамках ПОДФТ/ФРОМУ.

**5.4.7.** отклонить/блокировать операции по проведению платежей и (или) переводов денег в пользу организатора игорного бизнеса, и принимать по таким операциям иные меры в соответствии с Законом Республики Казахстан о ПОДФТ/ФРОМУ.

## 6. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

**6.1.** Стороны несут ответственность за разглашение сведений, вытекающих или связанных с Офертой (конфиденциальная информация).

**6.2.** За неисполнение или ненадлежащее исполнение условий Оферты, Стороны несут ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**6.3.** Банк не несет ответственности перед Клиентом:

**6.3.1.** за неосведомленность Клиента об изменении и дополнении Оферты, осуществленной в порядке, предусмотренным Офертой;

**6.3.2.** за задержки и перебои в работе мобильного приложения, происходящих прямо или косвенно по причине, которая находится вне сферы контроля с его стороны;

**6.3.3.** за любые ограничения, запреты, технические ошибки, предусмотренные правилами поставщика услуг Банка при использовании мобильного приложения;

**6.3.4.** за качество, функционирование и другие аспекты продуктов или услуг поставщика услуг Банка либо третьих сторон;

**6.3.5.** отказ от проведения операций, приостановления операций с деньгами и (или) иным имуществом, а также отказа от установления деловых отношений или прекращение деловых отношений с Клиентом, в случаях и на основаниях, предусмотренных законодательством РК, Офертой, Правилами МФЦА и Договором присоединения № 001.

**6.4.** Клиент несет полную ответственность за соблюдение условий Оферты и законодательства Республики Казахстан.

**6.5.** Клиент несет ответственность за соблюдение требований законодательства и регуляторных правил Республики Казахстан, применимых к использованию платежных карт, Кошельков и операций с Криптовалютой.

**6.6.** Криптобиржа, предоставляющая услуги в рамках этого продукта, имеет лицензию на осуществление деятельности, связанной с

лицензияға ие. Бұл ретте Клиент пен Криптобиржа арасындағы қатынастарға Криптобиржалардың қызметін реттейтін бөлігінде АХҚО-ның императивтік нормалары мен қағидалары қолданылады. Банк Криптобиржаларға, Криптовалютаға және Әмиянға қатысты операциялар бойынша АХҚО-ның реттеушілік функцияларын алмастырмайды және қайталамайды.

**6.7.** Қазақстан Республикасында банк қызметтерін көрсетуші ретінде Банк Клиент алдындағы банк операцияларын (ақшаны есептен шығару/есепке алу, төлемдерді орындау) жүзеге асыру бөлігіндегі өз міндеттемелерін сақтайды және банк қызметтерін көрсету барысында Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындауға міндетті.

**6.8.** Клиент Криптовалютаға қатысты операциялар бойынша Криптобиржа тарапында қолданылатын реттеушілік режиммен таныс екенін және өзінің Әмиянынан жүргізілетін транзакциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және АХҚО қағидаларына, оның ішінде ҚК/ТҚ/ТҚҚТҚ саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі үшін жауапты екенін растайды.

## 7. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІН ТАБУ

**7.1.** Офертадан туындайтын немесе онымен байланысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен өзге де келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

**7.2.** Келіссөздер арқылы келіспеушіліктерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Банктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралуға жатады.

## 8. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

**8.1.** Оферта Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Офертада және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

**8.2.** Банк Оферта талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу құқығын өзінде қалдырады, бұл ретте Клиент Офертаға енгізілген өзгерістер және қолданыстағы тарифтер туралы Банктің құрылымдық бөлімшелеріне немесе анықтамалық қызметіне жүгіну арқылы, сондай-ақ Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында жарияланған өзгерістерді өз бетінше қадағалау арқылы дербес түрде білуге міндетті.

**8.3.** Тараптар Оферта талаптары және/немесе Банктің қызметтері үшін белгіленген тарифтер ұлғайту және (немесе) толықтыру жағына қарай шектеусіз рет өзгертілуі мүмкін екеніне келісті.

**8.4.** Банк төменде көрсетілген жағдайлардың біреуі немесе бірнешеуі туындаған кезде, себептерін

цифровыми активами в соответствие с Правилами МФЦА. При этом к отношениям Клиента и Криптобиржи применимы императивные нормы и правила МФЦА в той части, в которой они регулируют деятельность Криптобирж. Банк не заменяет и не дублирует регуляторные функции МФЦА в отношении Криптобирж и операций с Криптовалютой и Кошельком.

**6.7.** Банк, как поставщик банковских услуг в Республике Казахстан, сохраняет свои обязательства перед Клиентом в части выполнения банковских операций (списание/зачисление денег, исполнение платежей) и обязан исполнять требования законодательства Республики Казахстан в рамках предоставления банковских услуг.

**6.8.** Клиент подтверждает, что ознакомлен с применимым регуляторным режимом в отношении операций с Криптовалютой, на стороне Криптобиржи и что он несёт ответственность на соответствие своих транзакций со своего Кошелька, законодательству Республики Казахстан и правилам МФЦА, в том числе требованиям законодательства ПОДФТ/ФРОМУ.

## 7. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ

**7.1.** Все споры или иные разногласия, возникающие между сторонами по Оферте или в связи с ней, разрешаются путем переговоров между сторонами.

**7.2.** В случае невозможности разрешения разногласий путем переговоров они подлежат рассмотрению в судебных органах Республики Казахстан по месту нахождения исполнительного органа Банка.

## 8. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

**8.1.** Оферта может быть расторгнута по соглашению Сторон, а также по иным основаниям, предусмотренным Офертой и законодательством Республики Казахстан.

**8.2.** Банк оставляет за собой право вносить изменения и/или дополнения в условия Оферты, при этом Клиент обязан самостоятельно узнавать о внесенных изменениях в Оферту и актуальные тарифы посредством обращения в структурные подразделения или справочную службу Банка, а также самостоятельно отслеживать на сайте Банка www.bcc.kz изменения, внесенные в Оферту Банком.

**8.3.** Стороны согласились, что условия Оферты/ Тарифы за услуги Банка могут быть изменены в сторону увеличения и/или дополнения неограниченное количество раз.

**8.4.** Банк вправе отказаться от исполнения Оферты в одностороннем порядке без

түсіндірместен, Офертаны біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы:

**8.4.1.** Банктің пікірінше, Клиент Шарттың талаптарын немесе өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

**8.4.2.** іскерлік қатынастар Клиент тарапынан қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде;

**8.4.3.** Клиентке қатысты халықаралық экономикалық санкциялар, жекелеген мемлекеттердің санкциялары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар енгізген және Клиентке қолданылатын санкциялар болған жағдайда;

**8.5.** Офертада қарастырылған барлық мәселе бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын және №001 Қосылу шартын басшылыққа алады.

**8.6.** Енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, Клиент жаңа талаптар күшіне енген күнге дейін, бірақ өзгерістер енгізілгені туралы хабарланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, Банктің белгілеген нысаны бойынша жазбаша түрде бас тарту туралы өтініш беру арқылы Оферта талаптарынан бас тартуға құқылы. Егер жаңа талаптар күшіне енгенге дейін Банкке жазбаша бас тарту туралы өтініш келіп түспесе, өзгертілген Оферта Клиент тарапынан акцептелген болып есептеледі және күшіне енеді.

**8.7.** Шарттың біржақты тәртіппен бұзылуы Клиентті өз міндеттемелерін толық көлемде орындаудан босатпайды. Өзара есеп айырысу бөлігінде Оферта Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

**8.8.** Клиенттің дербес деректері Банктің Криптобиржаға және Криптокартаны шығару және оған қызмет көрсету процесіне қатысатын өзге де контрагенттерге Оферта талаптарын орындау үшін қажетті көлемде берілуі мүмкін. Клиент мұндай беруге және өңдеуге өзінің келісімін береді.

## 9. БАНКТІҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

**9.1.** A25D5G0, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., №38, С блогы. БСК-KCJBKZKX; БСН-980640000093;
к/ш №KZ65125KZT1001300224;
а/ш KZ718562860146107150.

объяснения причин, при наступлении одного или нескольких перечисленных ниже случаев:

**8.4.1.** если по мнению Банка Клиент нарушил условия или обязательства по Договору;

**8.4.2.** наличия подозрений о том, что деловые отношения используются Клиентом в целях легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем, финансирования терроризма, и финансирования распространения оружия массового уничтожения;

**8.4.3.** при наличии международных экономических санкций, санкций отдельных стран, введенных международными организациями, иностранными государственными и/или негосударственными органами и организациями, действие которых распространяется на Клиента.

**8.5.** Во всём, что не предусмотрено Офертой, Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан, Договором присоединения № 001.

**8.6.** В случае несогласия с изменениями Клиент имеет право отказаться от условий Оферты, письменно уведомив об этом Банк путем подачи заявления об отказе по форме, определённой Банком в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней, но не позднее даты вступления в силу новых условий. В случае если до вступления в силу новых условий, Банк не получит письменное заявление об отказе, измененная Оферта признается Акцептованным Клиентом и вступившей в силу.

**8.7.** Одностороннее расторжение Договора не освобождает Клиента от исполнения своих обязательств в полном объеме, в части взаиморасчетов Оферта действует до полного исполнения Сторонами обязательств

**8.8.** Персональные данные Клиента могут передаваться Банком Криптобирже и любому другому контрагенту, участвующему в процессе выпуска и обслуживания Криптокарты, в объёме, необходимом для исполнения условий Оферты. Клиент даёт своё согласие на такую передачу и обработку.

## 9. АДРЕС И РЕКВИЗИТЫ БАНКА

**9.1.** A25D5G0, Республика Казахстан, город Алматы, Медеуский район, проспект Аль-Фараби, №38, Блок С. БИК-KCJBKZKX; БИН-980640000093;
к/с №KZ65125KZT1001300224;
т/с KZ718562860146107150.